

ЛАТЫН ӘЛІПБИІНЕ КӨШУ – ЖАҢА ДАНУ ТАЛАБЫ

Қожағұлова М.Қ., қазақ тілінде оқытпайтын мектептердегі қазақ тілі мен әдебиеті мамандығының студенті
Алматы, Қазақстан

E-mail: micosya23.12.1985@gmail.com

Мақалада латын әліпбиіне көшудің ұлтымыздың рухани әлемі үшін маңыздылығы, латын әрпін қолдану, ең алдымен, заман талабы екендігі сөз болады. Латын әліпбиіне көшу – қазақ халқының алға жылжуына, жаңа заман талабына сай өсіп-өркендеуіне, болашақта еліміздің жан-жақты дамуына үлкен үлес қосып, жемісі мен жеңісін әкелері сөзсіз екендігі ғылыми тұрғыдан тұжырымдалады.

Тірек сөздер: *әліпби, ириллица, деколонизация, лингвоясаясат, ұлттық бірегейлік, жазу, орфоэпия.*

В статье речь пойдет о важности перехода на латинский алфавит для духовного мира нации, о том, что использование латинской буквы-это, прежде всего, требование времени. Научно обосновывается, что переход на латинский алфавит – безусловный вклад в продвижение казахского народа, его процветание в соответствии с требованиями нового времени, в будущее всестороннее развитие страны.

Ключевые слова: *алфавит, ириллица, деколонизация, лингвоясаясат, национальная идентичность, письменность, орфоэпия.*

The article deals with the importance of the transition to the Latin alphabet for the spiritual world of the nation, the fact that the use of the Latin letter is, above all, the requirement of the time. Scientifically proved that the transition to the Latin alphabet - an absolute contribution to the advancement of the Kazakh people, its prosperity in accordance with the requirements of the new times, to the future comprehensive development of the country.

Key words: *alphabet, irillic, decolonization, linguosayasad, national identity, writing, orthoepy.*

Латын әліпбиіне көшу — Қазақстан үшін өте күрделі процесс. Оған бұл мәселенің сан мәрте көтеріліп отырғаны дәлел. Ұлтымыздың рухани әлемі үшін маңызды болып табылатын осынау өзекті мәселеге байланысты бұқаралық ақпарат құралдарында түрлі ұсыныстар, ой-пікірлер тасқыны толастамауы заңдылық.

XX ғасырдың басында 1929 жылға дейін Қазақстанда Ахмет Байтұрсынұлы ұсынысымен қазақ фонетикасының ерекшеліктері ескеріліп жасалған, араб графикасына негізделген «төте жазу» пайдаланылған. 1929 жылғы 7 тамызда КСРО Орталық Атқару Комитеті мен КСРО Халық Комиссарлары Кеңесінің Президиумы латындандырылған жаңа әліпби – «Біртұтас түркі алфавитін» енгізу туралы қаулы қабылдады. Латын әліпбиінің негізінде жасалған жазу үлгісі 1929 жылдан 1940 жылға дейін қолданылып, кейін кириллицаға ауыстырылды. 1940 жылғы 13 қарашада «Қазақ жазуын латындандырылған әліпбиден орыс графикасы негізіндегі жаңа әліпбиге көшіру туралы» заң қабылданды. Бұл - түркі халықтарына ортақ латын әліпбиіндегі қазақ мемлекетін бір күнде империалистік мақсатпен орыстың шовинистік кириллицасына өткізіп жіберген рухани репрессия болатын. Ұлттық рухани деколонизация осы рухани репрессияның зардабын жоюдың, латын әліпбиіне өтудің, тарихи әділеттілікті қалпына келтірудің қадамдарын жасауда.

Түрік тектес халықтар тілінде латын әліпбиі 1926 жылдан бастап қолданылады. Латын әліпбиін алғаш қолданысқа енгізгендердің бірі – Түркия мемлекеті. Біздің елде XX ғасырдың 20-жылдары қазақ зиялылары латын әліпбиіне көшу мәселесін көтерді. Қазақ

тілінің табиғатына сай әліпби үлгісін жасап, қолданысқа енгізген болатын. Қазақ тіл білімінің, әліпбиінің негізін салған бірегей ғалым А.Байтұрсынұлы: «Біздің заманымыз – жазу заманы: жазумен сөйлесу ауызбен сөйлесуден артық дәрежеге жеткен заман. Сондықтан сөйлей білу қандай керек болса, жаза білу керектігі одан да артық» [1], – деген болатын. Латын графикасын қолданатын барлық елдердің әліпбиіндегі әріп саны тілдегі фонемалар санынан әлдеқайда аз болуы да оның жетістігі болып табылады.

Латынға өтуді кезінде Түркияның президенті Ататүріктен бастап, Алаштың көсемі Әлихан Бөкейхан да қатты қолдаған. Ал 1929 жылы латынға өту кезінде Алаш арыстары Ахмет Байтұрсынов пен Халел Досмұхамедовтың қарсы болуы араб қарпіндегі «төте жазудан» кетуді қаламағандық емес, қызыл империяның қитұрқы лингвосаясатының салқынын сезгендігінен болса керек. Кейін, Ахаң да, Халел Досмұхамедов те ұлт мүддесі үшін латын әліпбиін қазақ тіліне үйлестіріп жасауға мемлекет қайраткерлері ретінде тікелей атсалысқандары белгілі.

Қазіргі қолданыстағы кириллица – қазақ тарихындағы төртінші алфавит екені бәрімізге мәлім. Сонау сақ дәуірі, түркі дәуірі кезеңіндегі ата-бабаларымыз өздері ойлап тауып, енгізген түрік қағанаты заманынан мұра болып қалған құндылық «руно» жазуынан басқалары бодандықтың кебімен латын және кириллицаны кеңес үкіметі күштеп енгізді. Мақсат – алфавиттен- алфавитке көшіру арқылы ұлттың рухын жойып, есеңгіретіп, өз дегендерін жүзеге асыру еді. «Ресей тілін, дінін, жазу-сызуын орысқа аударса, үкіметке онан артық іс болмас» [2] деген Ахмет Байтұрсынұлының 1914 жылы жарық көрген «Қазақ» газетіндегі жанайқайы бекер емес-ті.

Еліміздің латын әліпбиіне көшуі - ұлтымыз үшін жасалған маңызды қадамдардың бірі. Ұлы Дала елінің тарихына көз жүгіртсек, бірінші тұғыры байлық – жер, екіншісі – тіл, үшіншісі – мемлекет және оның тарихы болуы керектігі айқындалады. Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев өзінің кезекті Жолдауларының бірінде: "Біз алдағы уақытта да мемлекеттік тілді дамыту бағытындағы кешенді жобаларды жүзеге асыруды табандылықпен жалғастыра береміз.Қазақ алфавитін 2025 жылға қарай латын графикасына көшіруге дайындық жұмысын осы бастан қолға алу қажет.Бұл қазақ тілін жаңғыртып қана қоймай, оны осы заманға ақпараттың тіліне айналдырады "[3] -деген болатын.

Қазақстан тәуелсіздігін жариялаған кезден бастап қазақ лингвистері мен зиялы қауымының арасында латын әліпбиіне көшудің пайдасы мен зияны туралы бірталай пікірталастар туындай бастады. Бүгінгі таңда елімізде латын әліпбиіне көшу әлі де екі жақты тартыс пен талас тудырып отырған мәселе болып табылады. Халықаралық деңгейде ойлайтын ойшылдарымыз бен ұлттың нағыз жанашырлары латынға көшуді дәріптесе, кейбір зиялылар қауымы тарихтың бұл үрдісіне әліге дейін қарсы болып келеді. Президентіміз әліпбиіміздің толықтай латын тіліне көшуін 2025 жылға қарай жүзеге асыруды көздеп отыр.

Қазіргі уақытта латын әрпін қолдану, ең алдымен, заман талабы. Сондықтан да заманауи технологияларға тәуелді екенімізді мойындап, кез келген жаңа дүниелермен санасуымыз керек. Бұл үдеріс жақсы дайындықты және ойластырылып жүргізілуді қажет етеді. Біз қазақ тілін латын әрпіне көшіру арқылы қазақ тілінің мәртебесін, қазақ тілінің тазалығын ойлауымыз қажет! Ахмет Байтұрсынұлы айтып кеткендей, «Ұлттың сақталуына да, жоғалуына да себеп болатын нәрсенің ең қуаттысы – тілі». Негізі қазақтың тілі жұмсақ, үнді, мәдениетті тіл. Латын әліпбиі қазақтың тіліне ең жақын әліпби. Көрші Өзбекстан елі асығыстау болса да, латын алфавитіне көшті. Түрік мемлекеті, Әзірбайжан латын әліпбиін пайдаланады. Артықшылығы болмаса, ешқандай қиындық көріп отырған жоқ. Сондықтан бізге ХХІ ғасырдың күллі тынысын бойына сіңірген, жаһандану талабын ескеретін, отыз жылдан астам тәуелсіз тарихы бар жаңа тұрпатты Қазақстанның бүгіні мен болашағын толық бейнелей алатын әліпби қажет.

Латын жазуына көшкенімізде ұтатын тұстарымызды былайша жіктеп көрсетуге болады:

Ең алдымен, тіл тазалығы мәселесі, қазіргі әліпбиіміз бен жазуымыздағы халықтың өз еркімен қалап алмаған, кешегі бодандық жүйенің өктем саясатының әмірімен күшпен таңылған кейбір кірме әріптерден арылып, таза қазақ әліпбиін қалыптастыру бағытындағы

игілікті қадам деп түсінеміз. Сондықтанда тіліміздегі жат дыбыстарды таңбалайтын әріптерді қысқартып, сол арқылы қазақ тілінің таза қалпын сақтауға мүмкіндік аламыз. Қазақтың дыбыстық жүйесін сол қалпында таңбалап бере алатын әліпбиді енгізу арқылы сол әліпбиді қоғам дамуына сай одан әрі жетілдіруге ілесіп, дами алу деңгейінде ескерілетін заңдылықтарды енгізу және қазақтың ұлттық жазуын, әліпбиін тұрақтандыруға, қазақ тілдік қорды сол қалпында сақтап қалатын негізгі графиканы енгізуге бағытталады. Кириллицадағы кейбір әріптердің ана тіліміздің әуезін бере алмауына байланысты тіліміз өзінің бастапқы қалпын жоғалтып, орфоэпия заңдылықтарын өрескел бұзуда. Профессор Әлімхан Жүнісбек: «Латын әліпбиіне көшудің қиыншылығы қазіргі біздің қолданып жүрген әліпбиіміз қазақтың төл әліпбиі емес, орыс тілімен араласып кеткені, бізге өзге тілден енген дыбыстар араласып кетсе онда кедергілер туындайтынын, латын әліпбиіне төл дыбыстарымызды баптап, соның аясында көшуін және қазақ жазуына тек әліпби ауыстыру ғана емес, түбегейлі реформа керек екенін, ол реформа үш мәселені дыбыс, әліпби және емле ережені бірдей қамтитынын» айтты.

Екіншіден, латын әліпбиіне көшу - қазақ тілінің халықаралық дәрежеге шығуына жол ашады. Қазақ тіліне сандық жаңа IT технологиялар арқылы халықаралық ақпарат кеңістігіне кіріуге тиімді жолдар ашылады. Бүгінгі таңдағы әліпбиді ауыстырудың саясатқа да, басқаға да қатысы жоқ, ең басты қажеттілігін тілдің өзі талап етіп отырғанын жете түсінуіміз қажет. Қазақстанның қазақ тілін латын графикасына көшіру арқылы кең көлемді, терең деңгейлі ғаламдасу процесіне енуі ең маңызды мәселе. Латын графикасы қазіргі таңда дүниежүзі бойынша кең қолданылатын жазу жүйесі ретінде танылып отыр. Осы тұрғыдан алғанда қазақ тілінің латын әліпбиіне көшуі бір жағынан, қазақ тілінің әлемдік ақпараттық кеңістікке еркін енуіне, екінші жағынан, Қазақстандағы ақпараттық және коммуникативтік технологиялардың кең таралуы мен дамуына мүмкіндік береді.

Үшіншіден, бүгінгі таңда кириллица жазуын әлемнің 12 мемлекеті ғана пайдаланады. Ал қалған мемлекеттердің дені латын әліпбиіне көшкен. Түбі бір түрік тектес ұлттар негізінен латынды қолданады. Біздерге олармен рухани, мәдени, ғылыми, экономикалық қарым-қатынасты, тығыз байланысты күшейтуіміз үшін латын әліпбиі ауадай қажет. Сондай-ақ бүгінде әлемнің әр түкпірінде 5 миллионға жуық қазақтар тұратынын ескерсек, солардың 80 пайызы латын әліпбиін қолданатын көрінеді. Демек, біз болашақта латын әліпбиіне көшер болсақ, сол қандастарымызбен жақындаса түсеміз. Мемлекет үшін де, қоғам үшін де мұның да маңызы зор.

Тәуелсіздік жылдарының алғашқы күндерінен бастау алған Түркі мемлекеттерімен серіктестік алаңында Қазақстанда латын әліпбиінің қолданысы ғылыми және мәдени қатынастардың өрістеуіне септігін тигізері сөзсіз. Латын әліпбиін білікті пайдаланып келген Түркия, Әзірбайжан, Өзбекстан, Түрікменстан сияқты мемлекеттер мен Қазақстан арасындағы құндылықтардың өзара бөлісу үрдісінде ортақ әліпби қолданысының қосар үлесі шексіз. Бұл әліпби өзгерісі осылайша Түрік тектес бауырлас халықтардың бірлесуіне де зор ықпалын тигізеді. Түрік тектес халықтардың мәдениеті, сөздік құрамы латын әліпбиінде жазылғандықтан, оларды зерттеу де оңайға түседі. Түп негізінде латын әліпбиіне көшу түрік тектес тілді бауырлармен толық ынтымақтастық орнатуға кең жол ашары анық.

Тәуелсіз мемлекетіміз жылдан-жылға қарыштап, өсіп-өркендеп, отандық ғылым-білім саласы дамып келеді. Жастардың көбі ағылшын тілін жақсы меңгеруде. Әлеуметтік желілерде де ағылшынша жазатын жастардың дені күннен күнге артуда. Латын әліпбиі соған ұқсас болғандықтан, көп кешікпей көпшілік арасында кең таралып, ауқымы кеңейе түсетініне сенімдімін.

Ел болашағы үшін қабылданғалы отырған маңызды шешімге қолдау білдіру, жақсыны үйренбекке ұмтылу – жүрегі «елім» деп соққан әрбір қазақтың абыройлы міндеті деп түсінемін!

Бұл біріншіден тәуелсіз ел бола тұра, өзіміздің төл әріпке икемделген әліппеміздің болмауы салдарынан біз грамматикалық, фонетикалық, морфологиялық жағынан болсын жеңілдікті сезіне алмай келеміз. Жаңа әліпбиге көшу қазақ тілін меңгеруді жеңілдетеді.

Бүгінгі күні егемен еліміздің латын әліпбиіне көшетіні айқындалды. Ал осы межелі мақсатқа кедергісіз қол жеткізу үшін не істеу керек? Бұл мәселені жан-жақты талқылау мақсатында республика көлемінде әрбір мекеме, ұйымдарда іс-шаралар ұйымдастырылуда.

Халық санасын жаңғырту, ұлттық бірегейлікті сақтау, қазіргі жұртшылықтың да, болашақ ұрпақтың да бойына қуат қосар, денесіне күш бітірер берік бағдар. Ұлы даламыздың тағлымды тарихында ұлтымыздың мәдени-рухани болмысын айқын танытар – қазақ тілінің жаңа белесін бағындыру – ұлттық, азаматтық парызымыз әрі міндетіміз, ұлы мақсатымыз. Тіліміздің төл табиғатын сақтау, түркілік тұтастыққа ұмтылу, әлемдік ақпарат кеңістігіне енудің стратегиялық қадамы. Ұлттық тілімізді асқақтатудың айғақты амалы, қарымды қарекеті. Бұл өзгеріс – тіл саласындағы жүйесіздіктен арылудағы анық та айқын бастама.

Латын әліпбиіне көшу түйіндемесі төңірегіндегі ой-талқы бұл сұрақтың өте қажет те мемлекеттік маңыздағы мәселе екенін танытуда. Орынды ой-түрткілер, пайымды пікірлер ортаға салынууда. Мемлекеттік тілді латын қарпіне көшірудің кезең-кезеңімен іске асырылатындығын, сондықтан азаматтарға оны игерудің аса қиындық тудырмайтындығын кеңінен әңгімелеп жалпы жұртшылыққа, жас жеткіншектердің санасына құюда. Ой-сананы өзгертерлік, елім деген азаматты алға тартарлық, болашаққа сәуле шашарлық еңбектің мән-мазмұнын түсінген тіл мамандары мен оқымыстылар, жазушылар мен журналистер, қаламгерлер мен зиялы қауым баспа бетінен, көгілдір экраннан пікірлерін, оңтайлы ой-түрткілерін айтуда. Талқылау ана тіліміздің, ұлттық салт-санамыздың, болашақ ұрпақтың қамын жеген нағыз мамандардың, зиялы қауымның қатысуымен жүйелі түрде жүргізілуде. Әлі де болса осы бағыттағы тиімді де тартымды шараларды қарапайым көпшілікті қатыстыра ұйымдастыру қажеттілігі байқалады.

Бүгінде әлемнің 80% елдері латын жазуы арқылы білімді игеріп, ғылыми зерттеулермен танысуда. Бұл дегеніміз – білім, ғылым, саясат пен техника, мәдениет пен өнер, спорт т.б. қатысты жазбаша ақпараттың барлығы дерлік латын графикасымен беріледі, қоғамдық өмірдегі жаңалықтардың басым бөлігі осы графиканың негізінде таралады дегенді білідерді. Демек, латын әліпбиінің біздің отанымыздың әлемдегі дамыған 30 елдің қатарына қосылу талабының орындалуы жолында маңызды роль атқаратыны сөзсіз. Латын графикасына (таңбасы) негізделген қазақ әліпбиін жасау ісінде тіліміз дыбыс жүйесіндегі төл дыбыстар мен өзге тілден енген кірме дыбыстарды жеке-жеке қарастырып, әрқайсысының өзіндік ерекшеліктері мен жазу барысында туындайтын әртүрлі заңдылықтары ескеруі тиіс. Арнайы лигвист маманның ғылыми тұрғыда қарастырған зерттеу жұмыстарына, таңба-әріп-фонемажазу сырын білетін, графизация мәселесімен шұғылданып жүрген фонолог мамандардың көзқарастарына жүтінген жөн.

«Кеңестік жүйенің солақай саясаты қазақ тілі дыбыс жүйесінде жоқ орыс тілінің ё, ю, я, в, ф, х, ч, ц, ь, ъ әріптерін әліпбиімізге еріксіз енгізгені баршаға аян. Онымен қоймай, әліпбиіміз кирилл жазуына ауыстырылып, орыс тілінен және сол арқылы басқа тілден енген өзге сөздерді де орысша қалай айтылып-жазылса, қазақ тілінде де солай қолданылуы керек деген талап қойылды».[4]. Сөйтіп тіл экологиясы сол кезеңнен бастау алып, тілімізге жат дыбыс тіркестері де еш кедергісіз еніп, тіліміз шұбарланып, ұлттық бояуы мен өзіндік реңін жоғалтып, сөзіміз де құлаққа жат әуенмен «ән салғанына» үйреніп кеттік. Тіліміз шұбарланып, ұлттық бояуы мен реңкін жоғалта бастады.

Қазіргі заман — жазу заманы. Адам жазу арқылы білім алады, жазу арқылы бір-бірімен байланыс жасап, жүрген-тұрғанын, жасаған жұмыстарын да жазып отырады. Осы жазулар бүгінгі ұрпақтың орфоэпия (айталым) заңдылықтарын ұмытып, айтуы да, жазуы да орфография (жазылым) заңдылықтарымен жүруіне итермеледі. Яғни, жазылым (орфография) күшейіп, айтылымға (орфоэпияға) үстемдік ете бастаған кезең, себебі халық оқымаған кезде тіл бұзылмай келсе, жұрт сауаттанған сайын жазу ісі де белең алып, алға шықты. Сонымен бірге сөйлеу әрекеті де жазудың ықпалымен кетіп, айтылым талаптары көп ескеріле бермейтін болды. Жазудың қызметі айтуымызды дәл таңбалау болу керек еді, яғни жазуымыз біздің айтуымызға қызмет етуі керек еді. Ал іс жүзінде жағдай керісінше

болып, тілдің негізгі тіршілігі – орфоэпиясының талаптары ұмытыла бастады. Қазақ тіл білімінде қазіргі таңдағы өзекті мәселелердің бірі тіліміздің айту нормасын сақтап, қазақ тілінің артикуляциялық базасына сай айту мен жазу арасындағы ерекшеліктерге жете назар аударту, әсіресе, ғылыми қауымды алаңдататыны тіл дыбыстарының айтылу нормасы сақталмауы болып отыр.

Жазу - әрбір халықтың рухани, мәдени өсуін, даму деңгейін көрсететін әлеуметтік мәні зор құбылыс. Ол өткен мен бүгінді, бүгін мен келешекті жалғастыратын алтын көпір. Сондықтан жазу, алфавит адамзат тарихындағы құнды дүниелердің бірі ретінде ұрпақтан-ұрпаққа мирас етіп қалдыратын байлығымыз.

Қазір Ресейлік басылымдарды кириллицада орыс та, қазақ та оқитын болғандықтан, латынға өткенде ол тек орыс оқырмандарымен ғана шектеледі, әрі қазақ оқырмандары үшін ықпалдылығын жояды. Ал латынға өтудің ең басты жетістіктерінің бірі- ұлттық ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету емес пе?

Латын әліпбиіне көшу – қазақ халқының алға жылжуына, жаңа заман талабына сай өсіп-өркендеуіне, болашақта еліміздің жан-жақты дамуына үлкен үлес қосып, жемісі мен жеңісін әкелері сөзсіз. Біз латын әліпбиіне көше отырып, өркениетті елдердің қатарына қосылып, тіліміздегі дыбыстық жүйелерді нақ анықтап, қазақ тілінің жазылуы мен дыбысталу кезінде сөздер қолданысындағы артық кірме сөздерден арыламыз. Сондықтан латын әліпбиіне көшу біз үшін, болашақ үшін әлдеқайда маңыздырақ. Елімізде латын әліпбиіне көшу мәселесі соңғы жиырма жылда көтеріліп, соның он жылында қызу талқыланып келеді. «Латын әрпіне көшу – қазақ тілін дамыту мен жаңғыртудағы ішкі қажеттілік».

Қалай болғанда да, латынға көшу – ешқандай дәлелдеуді қажет етпейтін аксиома деп есептеймін, латын әліпбиімен жазуды шынайы қолдаймын.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Байтұрсынұлы А. «Қазақ» газеті 1914 жыл. №27
2. Қазақ әліпбиі / <https://kk.wikipedia>.
3. Назарбаев Н.Ә. Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру/Егемен Қазақстан, 12.04.2017 ж.
4. Сәдуақас Н.Ә. Қазақ тілі фонетикасының зерттелуі.– Ақтөбе: Литера- А, 2008

ӘОЖ 822. 511. 112

<https://doi.org/10.53355/m9227-4707-1277-b>

ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ МАЗМҰНЫ – Қ. БІТІБАЕВАНЫҢ ОҚЫТУ ТЕХНОЛОГИЯСЫНЫҢ НЕГІЗІ

Қожағұлова Н., Педагогика ғылымдарының магистрі
Е.Берліқожанов атындағы №11 ОМ КММ, Талдықорған қаласы

E-mail: nazym_kojagulova@mail.ru

Мақалада Қанипа Омарғалиқызы – оқыту әдістемесіне енгізген жаңалығы, әдебиетті оқытудағы инновациялық технологияларының бүгінгі жаңартылған білім мазмұнымен байланысы, тың тұжырымдары мен өзық бастамаларын жүзеге асырудағы еңбегінің маңызы туралы ғылыми пікір пайымдалады.

Тірек сөздер: инновация, технология, рухани байлық, реформа, көшбасшылық, жобалау, модель, шығармашылық, зертхана.

В статье рассматривается научное мнение о новизне, которую Канипа Омарғалиевна внедрила в методику преподавания, связи инновационных технологий в преподавании литературы с современным обновленным содержанием образования, значении ее труда в реализации новых концепций и инициатив.